

Сабақтас құрмалас сөйлем,
түрлері, жасалуы.

- Не өзі өртеніп өледі, не біреулер өлтіреді.
- Осы уақытқа дейін қанша адаммен кездесті, бірақ мұндай арайлы маңдайды әлі көрген жоқ.
- Үзіліс кезі еді, Тұрар коридорда қаннен-қаперсіз келе жатқан.
- Қоңырау соғылды, сабақ басталды.
- Ол сабаққа дайындалмаған себебі: кеше кітапханадан кітап таба алмады.
- Биыл мектеп бітіремін және Алматыға инженерлік оқуға түсемін.
- Уақытым болмады, сондықтан мен келе алмадым.
- Биыл мектеп бітіремін, бірақ оқуға түспеймін.
- Жас ұрпаққа жақсы білім мен тәрбие беру керек, өйткені олар – елдің келешегі.
- Сені сағынғаным сонша - түсіме жиі кіресің.
- Қонақтар түгел келді,- сен жоқсың.
- Мен жігіттің көзіне туралап қарап едім, аңғармады.

Құрамындағы жай сөйлемдердің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысатын сөйлемді **сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз.

Биыл қыс суық болғанымен, қар аз жауды.

Бағыныңқы

басыңқы.

_____ , _____ .

Бағыныңқысының баяндауышының негізгі жасалу жолдары:

Шартты рай	<i>-са, -се</i>	
Көсемше	<i>-а, -е, -й, -ып, -іп, -п -ғалы, -гелі, -қалы, -келі,</i>	
Есімше	<i>-ған, -ген, -қан, -кен</i>	<i>-дықтан, -діктен, -мен, -ша, -ше, -да, -де</i>
Болымсыз етістік	<i>-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе</i>	<i>-й, -йынша -йінше, -стан, -стен</i>

Кітаптарын жоғалтып *алғандықтан*, оның бүгін мазасы болмады.

Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері.

Шартты бағыныңқы

Қарсылықты бағыныңқы

Себеп бағыныңқы

Мезгіл бағыныңқы

Қимыл-сын бағыныңқы

Мақсат бағыныңқы

Шартты бағыныңқы **сабақтас құрмалас сөйлем.**

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің шарты болып келетін сабақтасың түрі.

Сұрақтары: *қайтсе? не етсе?
қайткенде? не еткенде? қайтпей? не
етпей? қайтпейінше? не етпейінше?*

Мысалы: *Не ексең, соны орасың. Бәйгеге
түсіп жарыспай, ат өнері білінбес.*

Жасалуы:

1	2	3	4
-са, -се+ жіктік жалғауы	-май, -мей, -пай, -пей, -бай, -бей	-майынша, -мейінше, -пайынша, -пейінше, -байынша, -бейінше	-ғанда, -генде, -қанда, -генде
<i>Сабақ</i> <i>оқысаң, бес</i> <i>аласың.</i>	<i>Сабақ оқымай,</i> <i>бес</i> <i>алмайсың.</i>	<i>Сабақ</i> <i>оқымайынша,</i> <i>бес алмайсың.</i>	<i>Сабақ</i> <i>оқығанда,</i> <i>бес алар</i> <i>едің.</i>

Шартты бағыныңқылы сабақтастардың шартты райдан жасалған түрлерінде кейде үтірдің орына сызықша қойылады. Ол басыңқы сыңары бастауышсыз келіп, толымсыз жұмсылған жағдайда болады. Мысалы, *Оған қарай бассаң- сұмдық.*

240- жаттығу.

Абай үлкен үйге түсті де, шешелерімен амандасып болған соң көші- қон жайын айтты. Ұлжан солай көшерміз деп, қыстауда қалдыратын жүктерін, қоймаларын сайламаған екен. Шыңғыстағы ел бауырға көшпей, жайлауға қасығып отыр. Көңіл қаншалық аласұрса да, Абай амалсыз көнді. Бірақ осы аз күннің ішінде Құнанбайдың Жігітек жерінен Бөкеншіге қоныс әперіп отырғанын айтып, Байдалы ырық бермеді. Кәмшат жайы осындай күйіп жүрген күндерге дәл келген соң, Бөжейдің рақымсыз боп жүргені рас.

242- жаттығу.

**Әр түрлі жасалу жолдарын
пайдалана отырып, сабақтас
құрмалас сөйлемдер құрындар.**

251- жаттығу. Шартты бағыныңқы сабақтастарды тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз.

Бір елді бір ел жақсы білсе, жақсы өнегесін алар еді. Аңшылар қосттарына келсе, Абай қасында қонақ бар екен. Құрмаш пен әжесі шақырса- келеді. Жабай шығып кетпегенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді. Көз көрмей, көңіл сенбек емес. Осы интернаттар ашылмағанда, консерваторияға скрипкашы, пианист қазақ балаларын даярлап беру мәселесі шешілмек емес.

253- жаттығу.

-й, -йынша тұлғалары арқылы
жасалған шартты бағыныңқы
сабақтас құрмалас сөйлемдер
құрындар.

Үйге тапсырма:

- 244- жаттығу. (250-бет)
- 255-жаттығу: (252-бет)

**Қарсылықты бағыныңқы
сабақтас құрмалас сөйлем.**

**Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне
карама- қарсы болып келетін
сабақтастың түрі.**

Сұрақтары: *қайтсе де? не етсе де?
қайткенмен? не еткенмен? не етпестен?*

Мысалы: Оған сөз бергенмен, ертеңіне
уәделі жерге келмеді.

Жасалуы:

1	2	3	4	5	6
<p>- са да, - се де</p>	<p>-ғанмен, -генмен, -қанмен, -кенмен</p>	<p>(-а,-е, -й) тұра</p>	<p>(- ғанына, -геніне, - қанына, - кеніне)+ қарамай, қарамаст ан</p>	<p>(-ғаны, - гені, - қаны, - кені)+ болмаса</p>	<p>-ғанше, -генше, - -қанша, -кенше</p>
<p>Қыс келсе де, қар жаумады.</p>	<p>Қыс келгенмен, қар жаумады.</p>	<p>Қыс келе тұра, қар жаумады.</p>	<p>Қыс келгеніне қарамастан, қар жаумады.</p>	<p>Қыс келгені болмаса, қар жаумады.</p>	<p>Далаға шығып жаурағанша, үйде отыр.</p>

Себеп бағыныңқы **сабақтас құрмалас сөйлем.**

Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің
себепін білдіретін сабақтастың түрі.

Сұрақтары: неліктен? не үшін? несі
үшін? не себепті? не деп?

Мысалы: Жанында әкесі болғандықтан,
шешіліп сөйлей алмады.

Жасалуы:

1	2	3	4	5	6
<p>ғандықтан -гендіктен қандықтан -кендіктен</p>	<p>(-ғаны, - гені, - қаны, - кені)+ үшін</p>	<p>(-ма, -ме, - па, -пе, - ба, -бе)+ й</p>	<p>-ып, -іп, -п</p>	<p>3 шақтағы етістік+ деп</p>	<p>(-ған, -ген, -қан, -кен)+ соң</p>
<p>Күн жылы болған- дықтан, біз серуенге шықтық.</p>	<p>Күн жылы болғаны үшін, біз серуенге шықтық.</p>	<p>Күн жылы болмай, біз серуенге шықпа- дық.</p>	<p>Күн жылы болып, біз серуенге шықтық.</p>	<p>Күн жылы болады деп, біз серуенге шықтық.</p>	<p>Күн жылы болған соң, біз серуенге шықтық.</p>

Мезгіл бағыныңқы
сабақтас құрмалас сөйлем.

**Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің
мезгілін білдіретін сабақтастың түрі.**

**Сұрақтары: қашан? қай кезде?
қашаннан бері?**

**Мысалы: Аймаң барғанға дейін, той
аяқталып қалды.**

1	-ғанда, -генде, -қанда, -кенде	Мен айтқанда, ол жазды
2	(-ғанға, -генге, -қанға, -кенге)+ дейін, шейін	Мен айтқанға дейін, ол жазды
3	(-ғаннан, -геннен, -қаннан, -кеннен)+ кейін, соң	Мен айтқаннан кейін, ол жазды.
4	(-ған, -ген, -қан, -кен)+ сайын	Мен айтқан сайын, ол жазады.
5	(-ған, -ген, -қан, -кен)+ кезде, сәтте, уақытта	Мен айтқан кезде, ол жазды.
6	(-ған, -ген, -қан, -кен)+ -ша, -ше	Мен айтқанша, ол жазды.
7	(-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе)+ с+ бұрын	Мен айтпас бұрын, ол жазды.
8	-ысымен, -ісімен, -сымен, -сімен	Мен айтысымен, ол жазды.
9	-арда, -ерде, -рда	Мен айтарда, ол жазды.
10	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	Мен айтқалы, ол жазып жүр.
11	(-ғаннан, -геннен, -қаннан, -кеннен)+ бері	Мен айтқаннан бері, ол жазып жүр.
12	-са, -се+ жіктік жалғауы	Ол келсе, сабақ аяқталыпты.

**Қимыл- сын бағыныңқы
сабақтас құрмалас сөйлем.**

**Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде
айтылған іс- қимылдың қалай
орындалғанын білдіретін сабақтастың
түрі.**

Сұрақтары: қайтіп? не етіп? қалай?

Мысалы: Ол өзі сөйлемей, ағайындарының
сұрағына жауап беріп отыр.

Жасалуы:

1	2	3	4
<p style="text-align: center;">-а, е, -й, -ып, іп, -п</p>	<p style="text-align: center;">(-ма, -ме, -па, - пе, -ба, - бе)+с+(-тан, - тен)</p>	<p style="text-align: center;">(-ған, -ген, -қан, -кен)+күйі, қалпы, бойы</p>	<p style="text-align: center;">(-ған, -ген, -қанд, -ген)+ (-дай, -дей)+ болып</p>
<p style="text-align: center;"><i>Екі қолы дірілдеп, Оспан ішке кірді.</i></p>	<p style="text-align: center;"><i>Екі қолы дірілдемес- тен, Оспан ішке кірді.</i></p>	<p style="text-align: center;"><i>Екі қолы дірілдеген күйі, Оспан ішке кірді.</i></p>	<p style="text-align: center;"><i>Екі қолы дірілдегендей болып, Оспан ішке кірді.</i></p>

Мақсат бағыныңқы
сабақтас құрмалас сөйлем.

**Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі
ойдың мақсатын білдіретін
сабақтастың түрі.**

Сұрақтары: не мақсатпен? неге? не
үшін? не етпек болып?

Мысалы: Өзін шаршатпайын деп, үйге
кіріп демалды.

Жасалуы:

1	2	3	4
<p>(-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек)+ -шы, -ші+ болып</p>	<p>-у үшін</p>	<p>Шартты, қалау, бұйрық райлар)+ деп</p>	<p>Қалау рай (-қы, -кі)+ тәу. ж.+ келіп</p>
<p><i>Ол оқымақшы болып, қалаға келді.</i></p>	<p><i>Ол оқу үшін, қалаға келді.</i></p>	<p><i>Ол оқысам деп, қалаға келді.</i></p>	<p><i>Оның оқығысы келіп, қалаға келді.</i></p>

202- жаттығу.

Сейіт құр сараң жымығаны болмаса, шырай берген жоқ. Жаманмен дос болсаң, сыртыңнан жүрер өсектеп. Аспанды жапқан тұтас бұлт сиреп, ара- тұра жұлдыздар көріне бастады. Қасқыр енді мұның айқайын елемейтін болған соң, Иса басқа бір тәсілге көшті. Артыма жалт қарасам, екі жігіт аттарын байлап жатыр. Патша тағынан түсіп, Жәуке түрмеден құтылып үйіне келген еді.

223- жаттығу.

Тура келесің бе, әлде жолдағы ауылдарға соқтың ба? Не шөп, не егін жинаудың түк белгісі жоқ. Күндіз олар не өзіне жем іздейді, не өзінің басқаға жем болмауын көздейді. Әлде мұның даусын өзеннің күркірі бұзып естіртпейді, әлде жұмбақты қыз қырсығып айтпайды. Не мына Әбдіні қолымызға шығарып бер, не болмаса кепіл бол.

206- жаттығу.

Ақылдасып көріп еді, Ербол да тыңнан ешнәрсе тапқан жоқ. Айдағаны бес ешкі,- ысқырығы жер жарады. Мен жігіттің көзіне туралап қарап едім, аңғармады. Рязанов үйінде екен, бірақ оны қабылдамапты. Деев пен Жұмабай Қарсақбайға дейін енді қайтып ешқандай оқиғаға душар бола қойған жоқ, әйткенмен өлердей шаршап келіп жетті. Өгіз мұзды суға басқысы келмей көп тартысып еді, Ербол ырыққа көнбеді.

Үйге тапсырма:

203- жаттығу.

*Көркем шығармадан 5 ыңғайлас
салалас сөйлем жаз, талда.*

209- жаттығу.

*Көркем шығармадан 10 қарсылықты
салалас сөйлем жаз, талда.*